

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРЕДІ



Президент Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Танзила Нарбаеваны қабылдады.

Кездесу барысында парламентаралық байланыстарды дамытуға және мемлекетаралық қатынастарға тың серпін беруге бағытталған қазақ-өзбек ынтымақтастығының өзекті мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Танзила Нарбаеваға ілтипат білдіре отырып, бүгін Астанада өткен маңызды бастама – «Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогі» атты шараны қолдағаны және жиынға белсенді қатысқаны үшін Олий Мәжілісі Сенатының төрағасына ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы осы аланның бірінші отырысының қорытындысы өңірдегі өзара іс-әрекетті жандандыруға ықпал ететініне, Орталық Азиядағы гендерлік теңдік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету бағытында ұзақ мерзімді шешімдер әзірлеуге мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Президент Сенат төрағасының сапары екіжақты ынтымақтастықтың ерекше сипатының жарқын көрінісі екенін және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық деңгейіне сай келетінін атап өтті.

– Былтыр желтоқсан айында Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапарымның нәтижесін жоғары бағалаймыз. Биыл 3 наурызда Шымкентте өткен бейресми кездесу барысында елдеріміз арасындағы өзара іс-әрекеттің өзекті мәселелері талқыланды. Тек үкімет деңгейінде ғана жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ, парламентаралық дипломатия да белсенді дамып келе жатыр. Бұл – қуантарлық жайт. Сондықтан келесі жылы екінші Парламентаралық форумның Самарканд қаласында өткізілуін құптаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Танзила Нарбаева құрмет көрсеткені үшін алғыс айтып, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің сәлемін жеткізді.

– Сіздің басшылығыңызбен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан кең ауқымды реформаларды жоғары бағалаймыз. Сізді Қазақстанның бүкіл жүйесінің саяси жаңғыруына ықпал еткен ауқымды іс-шаралардың табысты жүзеге асырылуымен құттықтағым келеді. Еліңіз тура жолмен келеді және халық іске асырылып жатқан реформаларыңызды белсенді қолдайды. Біз бұған қуаныштымыз, – деді Сенат төрағасы.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентіне жүрекжарды сәлемін жолдады.

ШЕКАРАЛАС АЙМАҚТАРДЫ ДАМУҒА МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Шөкеевті қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу барысында өңірдің жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктелді.

Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын

одан әрі арттыру, аймақ экономикасын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қатон-Қарағай, Мар-қакөл аудандарын қайта құру жөнінде шешім қабылданғанына

тоқталып, шекаралас аумақтағы елді мекендерді жүйелі түрде дамыту қажет екенін айтты.

Президент облыс әкіміне коммуналдық инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, жылу электр стансаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жылыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде тапсырма берді.

КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Президент Астана және Қазақстан митрополиті Александрды қабылдады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазақстандағы Православ шіркеуінің мемлекет пен конфессия арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, сондай-ақ рухани құндылықтар мен дінаралық диалогті ілгерілетуге елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Президент ортақ күш-жігердің нәтижесінде елімізде көптеген этнос өкілдері мен түрлі дінді ұстанатын халықтар өзара тату өмір сүріп жатқанына назар аударды.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы Православ шіркеуінің діни қызметін қолдау мәселесінде конструктивті қа-

рым-қатынасты сақтау маңызды екенін атап өтіп, әлеуметтік және ағартушылық бағдарламаларды дамыту қажет екенін айтты.

Өз кезегінде митрополит Александр Қазақстанның көркейту жолында бейбітшілік пен бірлікті нығайту ісін қолдайтынын жеткізді және Президентке алғаш рет қазақ тілінде жарық көрген дұға кітабын табыс етті.

ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Бақытжан Ертаевты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу барысында Бақытжан Ертаевтың өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ой-пікірін тыңдады.

Мемлекет басшысы жуырда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Әділетті Қазақстанның негізін қалайтын Адал азамат туралы ойларын ортаға салғанын атап өтті. Бұдан бөлек, сын сағатта басын қатерге тігіп, жанқиярлықпен ерлік танытқан, Отанына адал қызмет еткен тұлғаларды жастарға

үлгі ету және қарапайым еңбек адамын дәріптеу маңызды екеніне назар аударды.

Генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев өзі басшылық ететін Tayelsiz Qazaqstannyn Halq Baturlary қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмыстары жөнінде баяндалды. Сондай-ақ әскердегі тәрбие ісін нығайту жөнінде ұсыныстарын жеткізді.

Президент ұйымның бастамаларына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін айтты. Сонымен қатар Бақытжан Ертаевтың тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштерін құруға елеулі еңбек сіңіргенін атап өтіп, оның ел игілігі үшін атқарып жатқан қоғамдық жұмыстарына табыс тіледі.

МҰСЫЛМАННЫҢ САБИРЫ СЫНАЛАТЫН САПАР

Алла қаласа, санаулы күннен кейін киелі Мекке шаһарында мұсылманның бес парызының бірі – қажылық науқаны басталады. Алматы халықаралық әуежайынан қажылардың алғашқы легін қасиетті мекенге шығарып салдық.



6
БЕТ

ҚЫЗЫЛША ҚАЙТА ӨРШІДІ

Дәрігерлер дабыл қағуда. Биыл елімізде қызылшамен ауырғандар көбейіп кетті. Коронавирус пандемиясы кезінде қызылшаға қарсы вакцина алу көрсеткіші төмендеп, оны жұқтырып алу мүмкін жандар қатары артқан.



7
БЕТ

ТҮРКІСТАН ТАҒЫЛЫМЫ ДАМУДЫҢ ДІНГЕГІНЕ АЙНАЛАДЫ



Сонау заманнан бергі тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Ата-бабаларымыз аса маңызды мәселелерге байланысты бас қосып, өзара ақылдасып, тоқтамға келген.

Қантар оқиғалары саяси жүйедегі қордаланған талай мәселенің бетін ашты. Қасіретті оқиғалардан сабақ алу үшін сан салада реформалар жүргізу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Президенттің былтырғы наурыз айындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан соң Ұлттық құрылтай құрылды. Есесіне Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өз жұмысын аяқтады. Ал кеңес мүшелерінің негізгі құрамы Ұлттық құрылтай құрамына енді. Бұрын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси реформалар мәселесін қозғаса, Ұлттық құрылтайда жалпы-

ұлттық құндылықтар, еліміздегі ұлттың өзекті жайттары талқыланады.

Осыдан 1 жыл бұрын Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысы жанадан құрылған Ұлытау облысында өтсе, биыл екінші отырыс рухани қала Түркістанда болды.

Құрылтайдың алғашқы күні жұмыс секцияларының отырысы өтіп, консолидация, мәдени-рухани даму, сондай-ақ білім және ғылым мәселелері талқыланды. Секция отырыстарын сала министрлері жүргізіп, тақырыптар аясында қоғамдағы өзекті жайттарды талқылады. Өткен жылы сараланған мәселелер бойынша шешімін тапқан дүниелер айтылды. Құрылтай кеңесінің мүшелері жыл бойы жүргізген жұмыстарының қорытындысы шығарылды.

(Жалғасы 2-бетте)



ТҮРКІСТАН ТАҒЫЛЫМЫ ДАМУДЫҢ ДІҢГЕГІНЕ АЙНАЛАДЫ

(Басы 1-бетте)

ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

«Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Президент Әкімшілігінің басшылық құрамы мен басқа да лауазымды тұлғалар, құрылтай мүшелері қатысты.

Ұлттық құрылтайды Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жүргізіп отырды. Мемлекеттік кеңесші өткен жылғы ұсыныстардың жүйелі жүзеге асып жатқанын, одан бергі кезеңде ел арасындағы ұлттық құрылтай мүшелері арасында талқыланып, ұсыныстардың бір бөлігі осы жиынның күн тәртібіне енгізілгенін атап өтті. «Қазақтың қанындағы ең бірінші қасиеті бейбіт өмір сүргіштігі» деген Жаксыбек Құлекеев 15 жылдан бері жұмыс істеп тұрған ел дамуының жаңа кезеңінде ұлттық құндылықтар жүйесін насихаттауға негізделген доктринаның жаңа редакциясын дайындауды ұсынды.

Ал Зангерлер одағы бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай халықтық құқықтық ағарту жөнінде ұлттық бағдарлама әзірлеу туралы ұсынысын ортаға салды. Зангерлер одағы әзірлеген бағдарлама қайта қаралып, халық пен құрылтай мүшелерінің талқысынан өтуі қажет екенін айтты.

Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова білім беру ұйымдарында білімнің тәрбие компонентін күшейту қажетіне тоқталды. Бала тәрбиесіндегі отбасының роліне, тәрбиеге тек мектеп жауапты деген қасаң түсінікті жою керек екенін еске салды. Дайындалып жатқан ұлттық тәрбие концепциясында қазақтың төл ұстанымдарының қалыптасуы қажеттігі де сөз болды. Сонымен бірге баланың дүниетанымын кеңейтетін, қабілет-қарымын арттыратын кітаптардың қолжетімді болуы үшін кітап индустриясын субсидиялауды ұсынып, отандық баспагерлерге қолдау қажет екенін айтылды.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕЙДІ

Алқалы жиында сөз алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзін: «Меніңше, Ұлттық құрылтай бұл – арқаны кенге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдау кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған» деп бастады.

Одан соң соңғы жылдары елімізде болған түрлі оқиғаға, маңызды мәселелерге тоқталды. Жуырда ғана Абай облысындағы алапат өрттен сабақ алуымыз қажет екенін ескертті. Ел басына түскен қиындықтардан береке-бірлігіміздің сыналатынын айтты.

Биылғы құрылтайдың түркі жұртының киелі шаһары Түркістанда өтуі үлкен маңызға ие екенін, шежірелі шаһар қабырғасында қазақтың жылнамасы түгел жазылғаны сөз болды.

«Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихқа алтын әріппен жазылды.



Көптеген ханымыз осы жерге ордасын тігіп, ұлан-ғайыр далаға билігін жүргізген. Қара қылды қыпшақ билеріміз түрлі дау-шарға төрелік айтқан. Ел-жұрттың береке-бірлікке шақырған. Мұның бәрі еліміздің ерте заманнан бері бір орталықтан басқарылған біртұтас мемлекет болғанын көрсетеді. Сондай-ақ қазақ мемлекеттілігінің тамыры тым тереңде жатқанын білдіреді. Ұлы дала төрінде Жошы хан әулеті Кеңесары ханға дейін 6 ғасырдан астам уақыт ел басқарды. Тіпті, әлем тарихында мұндай мысалдар кәп емес. Сондықтан осы аймақты басқарып отырған басшыларға зор жауапкершілік жүктеледі. Қанша дәуір өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы бірінші құрылтай жалпыұлттық референдумнан кейін шақырылғанын, содан бергі бір жыл Әділетті Қазақстанды құру жолында айрықша маңызы бар тарихи кезең болғанын ерекше атап өтті. Бұл өзгерістердің мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, сонымен қатар еліміздің ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарын айқындап бергенін еске салды.

Ел Президенті біздің әлемдегі орнымыз ең алдымен ұлтымыздың сапасына байланысты екенін айтып, ұлтымыздың нені армандайтыны, еліміздің басты тірегі не екеніне қатысты ой-пікірін ортаға салды.

«Біздің қоғам өзгерісті біреуден мадақ есту үшін емес, ең алдымен өзі үшін жазауға тиіс. Мұны елдің ертені, ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін қолға алуымыз керек. Ашығын айтсақ, біз кейде өз өмірімізден гөрі жұрттың пікіріне көбірек мән береміз. Тіпті, бұл әдет қанымызға сіңген деуге болады. Әрине, қазақтың қонақжайлығы – жақсы қасиет. Бірақ үйдің іші-сыртын қонақ келгенде ғана ретке келтіру дұрыс емес. Тазалық пен ұқыптылық күнделікті өмір салтымызға айналуы қажет» деген Қасым-Жомарт Тоқаев көптің көкейіндегі ойын доп басты.

Елімізде жаңа қоғамдық элита қалыптасу барысында әділетті Қазақстанды құру, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеу төңірегіндегі нақты бағыттарды атап өтті.



ОНОМАСТИКА САЛАСЫН ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ҚАЖЕТ

Оның біріншісі мемлекеттік нышандарды жетілдіру болса, екіншісі ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту. Онда Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихы жазылақ. Қазақстан тарихының көптомдық жинағын келесі жылдың ортасына дейін әзірлеу тапсырылды. Сонымен бірге ономастика саласы тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы екенін айта келіп, кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылғанын, ономастика саласын тәртіпке келтіру қажеттігін ескертті.

Нақты бағыттардың тағы бірі – мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеудің қажеттігі. Осы орайда Ясауи еңбектерін жан-жақты зерттеп, дәріптейтін «Ясауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру мәселесін ойластыру керігін атап өтті.

Маңызды саланың бірі – өскелең ұрпақтың тәрбиесі екенін еске салған

Мемлекет басшысы «Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен үлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз», – деді.

«Мен былтырғы құрылтайда ұрпақты еңбекке баулуға қатысты бірқатар тапсырма бердім. Соның негізінде мектептерге еңбек пәні қайтарылды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруымыз керек. Сондай-ақ біз ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады», – деп атап өтті Президент.

ХАЛЫҚТЫҢ ОЙ-ПІКІРІ ЕСКЕРІЛУІ ТИІС

Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту мәселесі де Мемлекет басшысы атап өткен бағыттардың біріне айналды. Ақпа-

рат саясатын түбегейлі қайта қарау керектігін айтты. Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуі, шешім қабылдау халықтың ой-пікірі ескерілуі тиіс екені де алқалы жиында айтылды.

Одан соң еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе – шекаралас аймақтарды дамыту. Бұл бағытта Мемлекет басшысы жердің шетелдіктерге сатылып жатыр деген сөздің жалған екенін, елімізде жерге қатысты мәселенің шешімі түбегейлі қабылданып қойғанын атап өтті. Сонымен бірге мемлекеттік тілді дамытуға баса мән беріп отырғанын да жеткізді.

«Мен қоғамда мемлекеттік аппараттың жұмысына қатысты біраз сын-пікірлер бар екенін білемін. Олардың басым көпшілігі орынды. Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беруіміз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы. Мемлекет басшысын мадақтаудан гөрі жұмысты адал атқарып, халықтың алдында абыройлы болу әлдеқайда маңызды. Барлық

мемлекеттік қызметшіге осыны айтқым келеді» деген Мемлекет басшысы өзінің атап өткен бағыттарының бір тармағын осы жайттарға арнады.

«Бір сөзбен айтқанда, мемлекет пен қоғам бірге жұмылып жұмыс істеуі қажет. Бұл ұлтымыздың бойына орасан зор күш-қуат дарытады, өзгеріске деген құлшынысын оятады. Сонда ғана еліміз көздеген мақсатына жетеді. Осылайша, алдағы онжылдық еліміздің нағыз өрлеу дәуіріне айналмақ. Мен бұған көміл сенемін» деген Президент барша қатысушының бойына сенім ұялатып, жігер беріп, сөзін аяқтады.

Сонымен қатар сөз соңында әйгілі Марал ишанның Кеңесары ханға сыйлаған Құраны табылғанын, бұл еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға екенін қуана жеткізді.

Ендігі Ұлттық құрылтайдың отырысы ел тарихында айрықша орны бар Атырау облысында өтетін болды.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



Пікір

Қайрат ЖОЛДЫБАЙ,
«Кемел адам» кітабының авторы,
Ұлттық құрылтай мүшесі:

«ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУ» ПӘНІ ЕНГІЗІЛЕДІ

– 2020 жылы Президентке мектепте білім берумен бірге өмірге бейімдеу туралы ұсыныс айтқан едім. Сол жолы жас өрендерді өмірге баулумен «Тұлғалық даму» пәні айналыса алатыны жөнінде ұсыныс айтқаным. Сол ұсыныстың орынды екені-

ніне құрылтайда Президент те назар аударды. Бұл бағытта өзім жеке жұмыс істеп жатырмын. Биыл Шымкент қаласында «Кемел адам» ұлттық мектебі ашылады. Онда ағылшын тілі мен математиканы тереңдетіп оқытуға мән береміз. Сонымен қатар балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге ден қоямыз. Осынау мектеп үшін «Тұлғалық даму» пәнінің оқулығы жазылуда. Осы пәнді пилоттық жобаретінде мектебімізге енгіземіз. Егер ұнап жатса, өзге мектептерге, тіпті мемлекеттік деңгейдегі орта мектептерге де ұсынамыз.



Қалымә ЖАНТӨРЕЕВА,

Түркістан облысы мәслихатының депутаты,

ТҮРКІСТАНДЫҚТАРҒА СЕРПІН СЫЙЛАДЫ

хандар мен билерге тағзым етіп, Құран бағыштады.

Шарада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай мүшелерінің ұсыныстарын қолдай отырып, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ойын ортаға салды. Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бергі өзгерістермен олардың мемлекеттің нығаюына, ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарымызды айқындауына қосқан үлесіне тоқталды.

Президенттің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен өкілдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмыла жұмыс істеу керек.

– Ауқымды іс-шараның киелі Түркістанда өтуі түркі елдерінің рухани астанасы болған қала тұрғындары үшін үлкен серпіліс болды. Түркістанды Түркістан еткен Қожа Ахмет Ясауидің рухы екеніне шүбә жоқ.

Құрылтайға келген Мемлекет басшысы бастаған әуелі кесенде жерленген

СЕНІМДІ САЯСИ ДИАЛОГ ОРНАДЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев парламентаралық байланысты одан әрі дамытуға мүдделі екенін айтты. Сондай-ақ ол екі елдің Мемлекет басшылары деңгейіндегі өзара сенімге негізделген саяси диалогтің қарқынына назар аударып, заң шығару ор-

белсенді дамып келеді. Бұл комиссия — заң шығару қызметінде тәжірибе алмасуға және өзара диалогті дамытуға мүмкіндік беретін тиімді алаң. Сонымен қатар біз алдағы уақытта Арал мәселесі бойынша да өзбек әріптестерімізбен белсенді іс-қимылды жалғастырамыз деп үміттенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында өңірлік ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселесі де талқыланды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы әріптесін Өзбекстанның бүкілхалықтық референдумды сәтті өткізуімен құттықтады. Сондай-ақ Қазақстанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған реформаларды іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін жүргізілген жұмыстар жөнінде айтты.

Өз кезегінде, Танзила Нарбаева Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси өзгерістерді жоғары бағалады және екі ел Парламенттері депутаттарының бірлескен сындарлы жұмысы Қазақстан мен Өзбекстанның стратегиялық өзара іс-қимылын нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

гандары арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығына тоқталды.

«Біздің елдеріміз — одақтас және стратегиялық серіктес мемлекеттер. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық бауырластыққа, өзара достық пен тату көршілікке, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи және мәдени байланыстарға табан тірейді. Сондай-ақ екіжақты қарым-қатынас біздің палаталар арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссия арқылы да



ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 22 маусым күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес, алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Осы құжаттың нормалары арқылы скутер жүргізушілерінің құқықтары мен міндеттері белгіленеді. Сондай-ақ аталған көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу

туралы куәліктерді дайындау саласында мемлекеттік монополияны енгізу көзделген.

Сонымен қатар палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Бұл заң сұйытылған газды тарату жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған.

Бюро отырысында Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға арналған бірқатар маңызды заңның сессия соңына дейін

қабылдануы керек екенін айтты. Олардың қатарында заңсыз алынған активтерді қайтару, кәсіби біліктілік және онлайн-платформалар мәселелеріне қатысты заңдар бар.

Одан бөлек, келесі сессияға дайындық жұмыстарының маңыздылығы туралы да сөз болды. Осыған орай Мәулен Әшімбаев сенаторларды тиісті жұмыстарды уақытылы атқаруға шақырды және палатаның алдағы сессияға арналған жұмыс жоспарына ұсыныстар беруді тапсырды.

Бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың комитеттеріне бөлініп берілді.

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР КӨПТЕП АШЫЛАДЫ

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында жаңадан ашылатын қоғамдық орындар туралы хабардар етті. Елорда әкімінің айтуынша, түрлі спорт және ойын алаңы, веложолдар мен демалыс орындары құрылады.



«Елордамызды көркейту жұмысын ары қарай жалғастырамыз. Қаланың барлық ауданында аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Биыл 150-ден астам аула мен қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, желкжолдар) абаттандырамыз. Олардың бәрі қала тұрғындарының бос уақытын жайлы әрі денсаулығына пайдалы күйде өткізе алатын тартымды орындардың біріне айналады. Бірқатар аулалар мен қоғамдық кеңістіктердің құрылысымен таныстым. Мәселен, «Амман» және «Абылайхан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелдері ашылады. Олар Ақбулақ өзенінің бойындағы саябақ кластерімен жалғасады. Автотұрақ кеңістігі («Ала-

тау» СК-ға қарама-қарсы) жаяу жүргіншілер аймағына айналды, осылайша жаяу жүргіншілер үшін ыңғайлы болар бірнәғай тұжырымдама жасалды. Ал жағалау бойына спорт және ойын алаңдарын орнатамыз. Сонымен қатар Сәтбаев көшесінде Қажымұқан көшесінен Петров көшесіне дейінгі аралығы жаңартылады. Онда демалуға арналған орындар, көлеңкелі шатырлар, ойын алаңдары, веложолдар және т.б. орнатылады. Сондай-ақ орталық жағалаудың тарихи

көшелері де (Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр көшелері) жаңартылады. Бұл жанадан абаттандырылған орындарды осыған дейін ашылған орындармен біріктіруге мүмкіндік береді. Осылайша, серуендеуге арналған үлкен кеңістік құрылады. Абаттандырумен қатар көгалдандыру мәселесіне де ерекше назар аударамыз. Биыл бір миллион жасыл желек отырғызуды жоспарлап отырмыз», — деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Өзбекстан Республикасының Олий Мәжіліс Сенатының төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті. Өзбекстан Сенатының басшысы Астанаға Орталық Азия елдерінің әйелдері диалогіне қатысу үшін келді.

Кездесуде Ерлан Қошанов Танзила Нарбаеваға Орталық Азия елдері әйелдері диалогіндегі Қазақстан төрағалығының басталуына арналған іс-шараға жеке қатысқаны үшін алғысын білдірді.

— Осы маңызды алаңды құрудың басы-қасында өзіңіздің болғаныңызды білемін. Ол әйелдердің өңірдегі экономикалық және әлеуметтік өмірге араласуын кеңейтуге бағытталған. Екі жылдан астам уақыт өтті. Қысқа мерзім ішінде диалог Өзбекстанда ғана емес, біздің өңірдің барлық елінде жұмыс істей бастады. Қазақстанның диалогке төрағалығы аясында бірлесіп жұмыс істейміз деген үміттеміз, — деді Мәжіліс Спикері.

Тараптар гуманитарлық, білім беру, сауда және экономикалық салалардағы ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. Ерлан Қошанов екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету үшін пар-



ламентаралық ынтымақтастықтың әлеуетін белсене пайдалануға шақырды.

— Парламент Мәжілісі мен Олий Мәжілістің Заң шығару палатасы арасында Парламентаралық ынтымақтастық кеңесі құрылған. Біз үшін екіжақты кездесулер тәжірибесін жандандырып, заң шығару тәжірибесін зерделеу бойынша тиісті комитеттер деңгейінде өзара сапарлар алмасудың, елдеріміз арасындағы ынтымақтастықтың құқықтық базасын кеңейту бойынша бірлескен жұмыстың маңызы зор, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Өз кезегінде Танзила Нарбаева Қазақстанның ірі халықаралық іс-шаралардың орталығына айналғанын атап өтті,

сондай-ақ қазақстандықтарды Президент және Парламент сайлауларының сәтті өтуімен құттықтады.

— Саяси жүйенің толық жаңғыруы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын Қазақстан халқы белсене қолдап отырғанын көрсетеді, — деді Өзбекстан Сенатының төрағасы.

Сонымен қатар тараптар екі ел Парламенттері депутаттарының қатысуымен өтетін алдағы іс-шаралардың күн тәртібін талқылады. Олардың қатарында 2024 жылы Самарқандта Орталық Азия мемлекеттерінің екінші парламентаралық форумын өткізу, Қазақстан мен Өзбекстан әйелдерінің бизнес-форумын ұйымдастыру бар.

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУДЫҢ ТЕТІГІ БАР МА?



Кеше Мәжілісте вице-спикер Альберт Раудың төрағалығымен Үкімет сағаты өтті. «Қант қызылшасы өндірісін ұлғайту, жеміс-көкөніс өнімдері импортын алмастыру, оларды өңдеу және сақтау мәселелері» тақырыбы бойынша Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев баяндама жасады.

Мемлекет басшысы сәуірдегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңейтілген кеңесте соңғы 15 жылда азық-түлік бағасының бұрын-соңды болмаған өсімі байқалғанын атап өткен болатын. Мәжіліс Төрағасының орынбасары Альберт Раудың айтуынша, биыл ақпанда инфляция 21,3 пайызды құрап, шарықтау шегіне жеткен. Сонымен бірге көрсетілген мерзімде жылдық есеппен алғанда жаңа піскен көкөністер 27,9 пайызға қымбаттаған.

— Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру бойынша Үкімет пен әкімдіктер қабылдап жатқан шаралар нәтиже бермей отыр. Оған қоса, баға тұрақсыздығы жиі туындайды. Бұл жағдайдан шығудың бірден-бір жолы — отандық азық-түлік өндірісін дамыту, жеміс-көкө-

ніс өнімдерімен, соның ішінде кантпен елді толық қамтамасыз ету, — деді палата вице-спикері. Ауыл шаруашылығы министрінің мәліметінше, 2022 жылы 8,7 млрд теңгеге қуаттылығы 21,7 мың тонна жемістер мен көкөністер өндіретін 15 инвестициялық жоба іске асырылған.

— Соңғы 3 жылда көкөніс дақылдарының егіс алаңдары 10,5 мың гектарға ұлғайды. Олар 2022 жылдың қорытындысы бойынша, 169,7 мың гектарды құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, кант қызылшасының егіс алаңдарын кеңейту, жаңа суармалы жерлер мен су үнемдейтін технологияларды енгізу, тұқым шаруашылығын дамыту, сондай-ақ жаңа инновациялық зауыт салуды көздейтін 2026 жылға дейін кант саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп, бекітілді, — деді министр.

Е.Қарашөкеев кант қызылшасынан қанттың ішкі қажеттілігінің 43 пайызын қамтамасыз ету үшін онтүстік өңірлерде 2026 жылға қарай егіс алаңын 38 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланғанын айтты.

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев саладағы олқылықтарды сынға алып, Үкіметке

статистикалық деректердің анықтығын қамтамасыз ету үшін мәліметтерді жинау мен есепке алу жолдарын қайта қарау қажеттігіне назар аударды.

— Үкімет 2022 жылы жалпы бюджеті 495 млрд теңгеге кант саласын дамытудың кешенді жоспарын қабылдады. Былтыр 3,6 млрд теңге субсидия игерілді, биыл 14,1 млрд теңге бөлінді. Алайда осындай қолмақты мемлекеттік қолдауға қарамастан, даму үрдісі баяу екенін көрсетіп отыр. Мысалы, егер 2020 жылы отандық шикізат негізінде ішкі сұраныс 9 пайыз қамтамасыз етілген болса, ал 2021 жылы — 7 пайызға, ал 2022 жылы — 6 пайызға төмендеді. Осылайша, ақшаны көбірек игереміз, өнімді азырақ аламыз, — деді С.Егізбаев.

Комитет төрағасы Үкіметке айтылған проблемалар мен ұсыныстарды ескере отырып, саланы дамыту стратегиясы бойынша шұғыл әрі жүйелі шаралар қабылдауды ұсынды.

Депутаттар импортті алмастыру, жеміс-көкөніс өнімдерін өңдеу және сақтау бойынша түйткілді мәселелерді қозғап, құзырлы мемлекеттік органдар өкілдеріне сауалдарын қойды. Жиында айтылған ұсыныстар Үкіметке ресми жолданатын болады.

МОНОҚАЛАЛАР МӘСЕЛЕСІНЕ МӘН БЕРІЛЕДІ



Өткен аптада «AMANAT» партиясы жанындағы Партиялық бақылау комитетінің және Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің мүшелері Қостанай облысының Арқалық қаласына барды.

Мәжілістегі «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Павел Казанцев, Екатерина Смышляева, Берік Бейсенғалиев, Юлия Кучинская аймақ тұрғындарымен кездесті. Олар жылу желілерін, сумен жабдықтау жүйесін қайта жабдықтау жолдарды жөндеу және жергілікті ЖЭО-ны жаңғырту жұмысының барысымен танысты.

Партиялық бақылау комитетінің төрағасы, Мәжіліс депутаты Павел Казанцев атап өткендей, ЖЭО-да партиялық бақылау бекеті ашылып, аманаттықтар нысанды апта сайын тексеріп тұрады.

«Өткен жылыту маусымының, әсіресе жекелеген өңірлерде қаншалықты қиын болғанын білеміз. Әбден ескірген энергетикалық инфрақұрылым өз мүмкіндігін шегінде жұмыс істеп жатыр. Коммуналдық желілердің тозығы жеткендіктен, ауыр апаттар барлық дерлік аймақта болуда. Сондықтан ЖЭО-ны реконструкциялау кезінде анықталған барлық кемшілікті жоюға қатысты жұмысты уақытлы және сапалы орындау мәселесі «AMANAT» партиясының тұрақты бақылауында болады. Біз биыл қыркүйек айының соңына дейін Арқалық қаласындағы ЖЭО-ның жөндеу жұмысын аяқтау үшін барлық шараны қабылдауды қамтамасыз етуіміз керек», — деді ол.

Павел Казанцев қазір Мәжіліс депутаттарының жұмысында электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа моделін әзірлеуге, салаға қосымша инвестициялар тартуға және барлық субъекті жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін электр энергетикасына қатысты 3 заң жобасы бар екенін айтты.

Сонымен қатар аманаттықтар Арқалық қаласының кейбір жылу желілерін ауыс-

тыру жұмысының барысымен танысты. Жергілікті әкімдікте айтылғандай, Ш.Жәнібек көшесі бойындағы ұзындығы 7,2 шақырым болатын жылу желісін тарту жұмысы осы жылдың қазан айына дейін аяқталады.

Осы күні партиялықтар Арқалық пен Державинск қалалары арасындағы автожолдың жөндеу жұмысы барысын тексерді. «AMANAT» жанындағы Өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиевтің айтуынша, бұл мәселе партияның сайлауалды уәделері аясында шешіліп, жөндеуге 2,5 млрд теңге бөлінеді.

«Біз Қостанай облысындағы Арқалық және Ақмола облысына қарасты Державинск қалалары арасындағы тасжол туралы айтып отырмыз. Трасаның бойы жанданған, аймақ тұрғындары осы жолмен елордаға қатынайды. Державинскіге жету үшін кейбір жүргізушілер қара жолмен айналып өтуге мәжбүр болды. Енді Қостанай облысы тарапынан биыл 38 шақырым жол жөнделеді, оның 24 шақырымы аяқталды. Ақмола облысы тарапынан 36 шақырым тасжолды жөндеу жалғасуда, жыл соңына дейін барлығы 74 шақырым жол қайта жаңартылады», — деді халық қалаулысы.

Аманаттықтар облыс орталығынан 450 шақырым жерде орналасқан Амангелді ауданының Қарысалды ауылының тұрғындарымен де кездесті. Ауылда тек 140 адам тұрады, олар интернеттің жоғына, ұялы байланыс сапасының төмендігіне және жол сапасының нашарлығына шағымданды.

«Менің жеке шаруашылығым, техникаларым бар, қарамағымда біраз адам жалдамалы жұмыс істейді. Бірақ адамдар бұл жерден көшіп жатыр, жол да, интернет те жоқ. Қыста, көктемде қалаға жету қиындайды. Ауылда қарттар ғана қалады, көп ұзамай мұнда жұмыс істейтін ешкім қалмайды. Жастарды ауылға тарта алсақ қой», — дейді фермер Серік Оразав.

«AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифр-

ландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева интернет тек қала тұрғындары үшін емес, шағын ауылдар үшін де қолжетімді болуы тиіс екенін атап өтті.

«Халық санына қарамастан инфрақұрылым дамуы тиіс. Сондықтан жақында KazSat-2 байланыс спутнигінің қызмет ету мерзімі ұзартылды. Басты мақсат — әлеуметтік маңызы бар нысандарды жаһандық желіге қолжетімді ету. Болашақта әр үйге интернеттің қосылуын қарастырамыз», — деді ол.

Арқалық қаласына қарасты Ашутасты ауылында партиялықтар «Арқалық ауылшаруашылық тәжірибе стансасы» ЖШС ұжымымен кездесті. Фермерлер инфрақұрылымды дамытудың қолға алынуы, жол салынуы сияқты басқа да оң істердің атқарылып жатқанына қарамастан жастар жұмыссыз қалғандықтан, ауылдан кетіп жатқанына алаңдайды. Осы орайда аманаттықтар ауыл шаруашылығын қолдау партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Алдағы бес жылда «AMANAT» аграрлық саланы субсидиялау жүйесін жақсартуға, жемшөп өндірісін дамытуға, сондай-ақ бүкіл өндіріс тізбегі бойынша мал шаруашылығының қордаланған проблемаларын шешуге ықпал ететін болады.

Одан әрі Мәжіліс депутаттары өңірдің партиялық активінің отырысын өткізді. Халық қалаулылары Парламент жұмысының өзекті бағыттары мен партиялық жобаларды іске асыру туралы айтып берді.

Еске сала кетейік, бұған дейін «AMANAT» республикалық сайлауалды штабы мүшелерінің Арқалық қаласының тұрғындарымен кездесуі барысында партия Төрағасы Ерлан Қошанов моноқаланы дамыту үшін Үкімет кешенді жоспар әзірлейтінін айтқан еді. Құжаттың іске асырылуына қоғамдық бақылау жүргізуді «AMANAT» партиясы қамтамасыз етеді.



АУА ЛАСТАНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚАЖЕТ

«AMANAT» партиясы жанындағы Экологиялық кеңестің кезекті отырысында қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қатысты сайлауалды уәделердің орындалу барысы талқыланды.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Досбол Бекмағамбетов кеңес мүшелерін партияның экология саласындағы сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы хабарлар етті.

«Көкарал бөгеті бұзылған жағдайда Кіші Арал теңізі 27 млрд текше метр судан айырылады. Былтыр қыркүйекте жобалық-сметалық құжаттама бойынша оң қорытынды шығарылды. Сметаның жалпы құны шамамен 4,5 млрд теңгені құрайды. Ал ауа сапасын жақсарту мәселесіне келетін болсақ, 2027 жылға дейін 89 ірі өнеркәсіптік кәсіпорында шығарындыны бақылаудың автоматтандырылған жүйесін орнату жоспарлануда. Бүгінде оның 15-не БАЖ орнатылып қойды», — деді ол.

Сондай-ақ вице-министр 5 жылда 2 млрд түп ағаш егу үшін биыл 400 млн түп ағаш

берілмейді. Жылыту маусымындағы апаттар мен ыстық судың жүйелі түрде берілмеуі теміртаулықтар үшін әдетті жағдайға айналды», — деді кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Бауыржан Смағұлов.

Осы айда Мәжілістегі Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитеті Теміртау қаласында кеңейтілген көшпелі отырыс өткізген еді. Бұл ретте кеңес мүшесі, Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев «Арселор Миттал» компаниясы шығарындыны азайту жөніндегі міндеттемені орындамай отырғанын алға тартты.

«Арселор Миттал Теміртау» Қазақстанның өнеркәсіп тәжірибеге иісі қолқаны қабатын асыл тас ісептті. Цехта да, қалада да кеуде керіп тыныс алу мүмкін емес. Теміртау — тыныс алу жолдарының және онкологиялық аурулардың деңгейі бойынша ұзақ уақыттан бері көш бастап тұр. Зейнет жасы 63 болғанымен, кеншілердің бәрі бірдей бұл жасқа жете бермейді.

«Арселор Миттал Теміртау» кокс пешін ондаған жыл бойы күрделі жөндеуден өткізбей келеді. Көмір өндірілетін шахталарды бірінен соң бірін тауысып, кейін қараусыз қалдырады. Зауыт қуаты кеміп барады.

торының ұсынысын сынға алды.

«Экологиялық кодексте қалдықтарды қайта өңдеуші кәсіпорындарды материалдық-техникалық жақсарту туралы норма бар. «Жасыл даму» бұл қаражатты екінші деңгейдегі банктер арқылы беруді көздеп отыр. Біз бұған түбегейлі қарсымыз. Себебі «Жасыл даму» қаражатты оларға 1 пайыз жылдық мөлшерлемен бөлсе, банктер оған 5-6 пайыз қосады. Ақыр-соңында бұл қаражатты біз 7-8 пайыз жылдық мөлшерлемен аламыз. Аталған сала үшін бұл өте көп пайыздық мөлшерлеме. Сонымен қатар қызық шығару тарифі енді ғана жоғарылай бастады. Бизнестің тиімділігі енді-енді сезіледі. «Жасыл дамумен» делдалсыз жұмыс істеуге мүмкіндік беруді сұраймыз. Олар үшін шат сабын ұлғайтып, лицензия алудан гөрі жауапкершілікті банктерге арта салған жөн болып отыр», — деді ол.

Кеңес төрағасы Мәжіліс депутаттары қалдықтарды қайта өңдеушілерге банктер арқылы қаржы бөлуге қарсы екенін атап өтіп, балама қаржы операторын табуды ұсынды.

Ал кеңес мүшесі Дархан Сариев жасыл желекті күтіп



отырғызу жоспарланғанын, оның 107 миллионы егіліп қойғанын жеткізді.

Алайда ауа сапасын жақсарту және атмосфераға тарап жатқан зиянды шығарындыны азайту жұмысы кеңес мүшелерін ерекше алаңдатып отыр. Еліміздегі барлық шығарындының жартысы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ға тиесілі. Соған байланысты партиялықтар Теміртау қаласындағы экологияны жай-күйін жеке талқылады.

«Табиғатты қорғау іс-шаралары жыл сайын орындалмайды. Екі жылу-электр орталығының да жағдайы нашар. Бұған қоса, қала тұрғындары бес жыл қатарынан жылу тапшылығын сезініп отыр. Тұрғын үйлерге толыққанды жылу

Өнім де аз шығарылады. Сапасы да төмендеп кетті. Соның салдарынан еуропалық алыптармен бәсекеге түсе алмай отыр. Айтпақшы, Экология және табиғи ресурстар министрлігі комбинатқа 5 млрд теңге айыппұл салды. Алайда бюджетке әлі қаражат түскен жоқ», — деді ол.

Кеңес мүшелері айыппұл төлеуден түскен қаражат республикалық бюджетке емес, жергілікті бюджетке түсуі тиіс екенін назар аударды. Депутаттарға Бюджет кодексіне тиісті өзгерту енгізу жөнінде ұсыныс жасалды.

Өз кезегінде кеңес мүшесі, KazWaste қауымдастығының басқарма төрағасы Шынболат Байқұлов «Жасыл даму» кәдеге жарату алымының жаңа опера-

ұстау ережелеріне бірқатар түзету енгізу туралы ұсыныс жасалды. Атап айтқанда, ол елді мекендерді қоғалдандыру жұмысын жақсартуға және құрылымдауға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық аппаратты тіркеуді ұсынды.

Айта кетейік, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында ең ластанған елді мекенде кәсіпорынның ауаны ластау нормативтерін 40%-ға дейін төмендету көзделіп отыр. Сонымен қатар 2027 жылға қарай су балансын сақтау үшін 14 жана су қоймасы салынып, 16 жұмыс істеп тұрған су қоймасы қайта жаңартылады. Ал экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келетін коксы полигондарының үлесі үш есе ұлғайтылады.



БЮДЖЕТ ИГЕРУДЕ БЫЛЫҚ КӨП

Елімізде бюджеттің игерілмеуі және ұтымсыз жұмсалуды тарихи рекордтарға жетті. Бұрнағы жылдары бұл тақырып турасында көп айтылды. Мәселеге ақпарат құралдары мен сарапшылар назар аударуды қойып кеткенімен, ол түбегейлі жойылды деуге келмейді. Үкіметтің, әкімдердің қаржылық «тәртібі» жақсарған жоқ. Керісінше, ұшығып барады. Бұрын игерілмеген не талан-тараж болған бірнеше жүз миллиард теңге туралы сөз қозғалатын. Енді бұл сома 1 триллион теңгеге жетті.

ҚАРЖЫ САЛАСЫН ЗОР «ЭПИДЕМИЯ» ЖАЙЛАДЫ

Шенеуніктер игерілмеген қаржыны өзге бағдарламалар мен жобаларға бірнеше рет қайта бағыттаған. Сөйтіп, 1 жылда республикалық бюджетке 8 рет түзету және бір рет нақтылау енгізілген. Салдарынан қаражаттың қайда жұмсалғаны мемлекеттік аудиторлар да таба алмай қалғанға ұқсайды. Бұл бір құрық бойлапайтын сұмдық құлық болып тұр. Нәтижесінде, құзырлы органдар әрі-бері тексеріп, сайда саны, құмда ізі қалмаған миллиардтар үшін бар-жоғы 6 қылмыстық іс қозғауға жарайтын материал тапқан көрінеді.

Премьер-Министрдің орынбасары — Қаржы министрі Ерулан Жамаубаевтың айтуынша, бюджет қаражатын игермегені және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбегені үшін 2022 жыл қорытындысында орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың 113 қызметкері тәртіптік жазаға тартылды.

Бірақ Үкімет бюджет қаражатын тиімсіз игеру немесе игере алмауға қатысты айыптарды мойындамады. Керісінше, бұдан тек «жақсылық» көріп отыр.

— Шынында, 2022 жылы республикалық бюджетті сегіз рет түзеттік. Жалпы, бұл процедуралар



Құпия САЛАТҚА (Салат)

бюджеттік мониторинг қорытындысы бойынша жыл бойы бірқалыпты жүзеге асырылды. Осылайша, бюджет қаражатын жедел басқару мақсатында Үкімет заңмен бекітілген құралды дұрыс пайдаланды деп есептейміз, — деді Үкімет басшысының қаражатқа жауапты орынбасары Е.Жамаубаев.

Сарапшылар миллиардтаған теңгені байқамай жұмқырудың мың сан схемасы іске қосылғанына назар аудартып жүр. Соның бірін таяуда Жоғары аудиторлық палатаның төрайымы Наталья Годунова жайып салды.

— Бюджеттік қаражаттарды ұтымсыз, орынсыз шығындау көптеген мердігерлер мен жеткізушілер арқылы жүзеге асырылады. Бұл схема барған сайын кең таралып жатыр. Өйткені бюджеттік деңгейде барлығы анағұрлым айқын бола түсті, тиісінше бұл өрісте талан-тараж ету де қиындады. Мәселен, 4 жыл бұрын ғана біз жобалау-сметалық құжаттамалардағы сома 30 пайызға дейін асыра көрсетілетінін анықтадық және салдарынан бір жылда мемлекетке келген шығынды 1 триллион теңгеге бағалағанбыз.

Ал бүгінде жобалардың күрт қымбаттауы «эпидемияға» айналды. Мұны құрылыс материалдары бағасының көтерілуі, жоғарғы инфляциямен байланыстырады. Салдарынан жобалар бірнеше триллион теңгеге өсіп шыға келеді, — деді Жоғары аудиторлық палатаның басшысы.

Оның байламынша, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен сол бюджет қаражаты тіпті Қазақстандағы апатты және үш ауысымды мектептер проблемасын түбегейлі шешуге жететін еді. Алайда билік оған қаражат таппай, мәселені шешудің үнемі кейінгі қалдырылып келе жатқанын Н.Годунова ашық айтты.

Оның пікірінше, сол қаржыға республикадағы барлық тозығы жеткен жылу электр орталығымен және жылу желісін реконструкциялап шығуға болатын еді. Оның орнынан шенділер ЖЭО-лардағы жарылыстардың ауыр салдарларымен айналысып, «ерлік» көрсетіп әлек. Еліміздің бас аудиторы елдегі жылу, электр жүйелері күйреу қарсаңында тұрғанын кәсіпкерлерге салды. Үкіметті бұл сөз еткізбесе, басқа не дүр сілкіндіретіні белгісіз.

СУБВЕНЦИЯ — ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖАЛТАРУ ҚҰРАЛЫ

Жоғары аудиторлық палата төрайымы орталық және жергілікті биліктің тағы бір пайдасыз ісіне назар аударды. Ол былай жобалау-сметалық құжаттама (ЖСК) әзірленеді, оны дайындауға қыруар қаржы шығындалады. Бірақ жоба іске асырылмайды: мектеп, аурухана, емхана, спорт кешені, көпір және басқа да әлеуметтік нысан салынбайды. Ақыры, жобаның мерзімі аяқталады. Жаңа келген шенеунік бюджеттен қомақты ақша жұмсап, жаңа жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге кіріседі.

«Қызылтанатыны сол, біз жобалық-сметалық құжаттаманы ешқашан толық қаржыландыру мүмкін емес. Мысалы, 2017–2021 жылдары жалпы құны 5,9 миллиард теңге тұратын 292 жобалық-сметалық құжатты іске асыру мүмкін болмады. Қорыта айтқанда, мемлекеттік органдар көрпеге қарай көсілуге, соның ішінде шектеулі ресурстарды ысырап етпей, ұқыпты, ұтымды жұмсап, бөріне жеткізуге үйрене алмады. Сондықтан биліктің салалық сая-

саттарды жүзеге асыруда бірізділік пен приоритизацияға, яғни елге қажетті басымдықтарды дұрыс таңдап, соларға көңіл бөлгені қажет», — деп түйді Н.Годунова.

Жалпы, Үкіметтің тірлігін түсіну қиын. Былтыр жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституцияға түзетулер нәтижесінде Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құрылғаны мәлім. Содан сарапшылар оның тек атауы ғана өзгермей, құзыры да тегеурінді етілер деп күткен. Бұл үміт әзірге ақталмай тұр. Мысалы, палата аудиторлары әр меморганның және әкімдіктің бюджетті игеру, жұмсау тиімділігін мұқият тексеріп, ел қаржысын ханталапай етушілердің табанына тас қоюы тиіс.

Алайда енді палатаның мүмкіндіктері тіптен шектелгені мәлім болды. Бұған қатысты палата басшысы Н.Годунова депутаттарға мұң шақты. Нақтылағанда, орталық мемлекеттік органдар әрбір саланы өзара бөлісіп алған. Демек, жетекшілік ететін бағыттарындағы жұмыстарды, өркендеуді үйлестіріп отыруы шарт. Бірақ Үкімет былтыр жарияланған орталық-сыздандыру саясатын алға тартып, салалар бойынша жоспарлау мен атқаруды жергілікті атқарушы органдарға табыстады. Басқаша айтқанда, онымен енді министрліктер емес, жергілікті әкімдіктердің салалық басқармалары мен бөлімдері шұғылданады.

Әрине, әр ауыл, аудан мен қаланың әр саладағы мұқтажлығын Астанадағы министрліктерге қарағанда, әкімдіктер жақсы білсе керек. Әйтседе, жергілікті атқарушы органдардың бюджетті орындауы бүгінде Жоғары аудиторлық палатаның бақылауынан мүлдем шығарып әкетіліпті.

Осылайша, министрліктер өз мойнындағы жауапкершілікті өңірлерге сырғыта салды. Тек биылдың өзінде 2 триллион теңгеден астам жалпы сипаттағы трансферт өңірлерге табысталды. Алдағы үш жылда субвенция

ауқымы қазіргіден 3 есе артады. Сонда палата бақылау мүмкіндігінен айырылса, ол қыруар қаржының тағдыры не болмақ?

Үкімет ауыр сынды ескерген сынай танытып отыр. Олқылықты жою үшін не істемек? Қайтадан жаңа Бюджет кодексын жасап жатыр. Жаңа кодекске «шығындалған қаражаттың жұмсалуды тиімділігін арттыруға қатысты, тиісті қосымша нормаларды енгізуге» уәде етті. Ол уәденің орындалатыны әлде қайда қалатыны әзірге белгісіз.

Бюджетті игерудегі тәртіпсіздік пен жөнсіздіктер бұқараның әл-ауқатының, тұрмысының күннен-күнге төмендеуіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып тұр. Ал онымен пәрменді күресетін құрылым байқалмайды. 2022 жылы Жоғары аудиторлық палата ірі 20 ревизорлық тексеріс өткізді. Оның төртеуінде ғана аудиторлар құқық қорғау органдарына беретін істі таппапты. Процесуалды шешім қабылдауы үшін 15 материал құқық қорғау органдарына жіберілген.

Нәтижесінде, құзырлы органдар небары 6 материал бойынша қылмыстық іс қозғаған екен. Бүгінде сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Н.Годунова олардың нешеуі бойынша қылмыстық іс сотқа жететінін білмейді. Сотқа жүгіну не жүгінбеуді тергеушілер шешеді: қылмыстық құрам жоқ деген ұйғарымға келуді де қытимал. Тіпті, іс сотқа жеткеннен өзінде судьялардың нендей шешімге келетіні тағы белгісіз. Яғни, ревизорлар ел қаржысының таланғанын, рәсуе етілгенін біліп, әшкереледі. Бірақ ол үшін ешкім жаза тартпауы мүмкін. Сорақы фактілер еш салдарға ұштаспай, бюрократия мен сыбайлас жемқорлықтың батпағына тыптыныш қана бағып кетуді кәдік.

Шенеуніктер мен әкімқаралар болса, түрлі есептерде халыққа «ақша жетпейтінін» айтудан еш ұялатын емес.

Елдос СЕНБАЙ

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК АЙМАҚ ҚҰРЫЛАДЫ



Мұнайлы өңірдің ел экономикасына қосар үлесі қомақты. Бұл туралы аймақта атқарылған шаруалардың есебін беріп, әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштеріне тоқталған Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов мәлімдеді. Облыс әкімінің айтуынша, әкімдікте Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды орындау үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр.

Жадыра МҮСІЛІМ

Облыстың жыл басынан бергі бес айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын тілге тиек еткен өңір басшысы баяндамасын әуелі макроэкономикалық көрсеткіштерден бастады. Былтыр жалпы өнімдік өнім 14,1 триллион теңгені, ал республиканың жалпы ішкі өніміндегі

облыс экономикасының үлесі 13,7 пайызды құрап отыр. Сонымен бірге өнеркәсіпті дамытуға атқарылған шаруалардың нәтижесі байқалады. Мәселен, елдегі ең алғашқы ірі инвестициялық жобалар Атырау облысында жүзеге асырылыпты.

Былтыр қантар-мамыр айларында өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі былтырмен салыстырғанда 5,8 пайызға өсіп, 4,6 триллион теңгені құрапты. Оның ішінде 4,3

триллион теңге тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. Ал өңдеу өнеркәсібі 290,5 миллиард теңгеге дейін өскен. Сондай-ақ соңғы бес айдың өзінде ғана 22,4 миллион тонна мұнай, 11,5 миллиард текше метр ілеспе мұнай газы өндірілген екен. Бұл дегеніңіз, республика бойынша барлық өнеркәсіптің 24,5 пайызы Атырау облысына тиесілі екенін көрсетіп отыр.

Бұдан кейін инвестициялық жобалар туралы жеткізген аймақ басшысы:

«Атырау өңірі инвестиция көздерін тарту жағынан республика бойынша бірінші орында тұр. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде жыл басынан бері негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 6,7 пайызға артып, 1,1 триллион теңгені құрады. Оның ішінде сыртқы инвестиция 474,3 миллиард, ал ішкі инвестиция 665,2 миллиард теңгеге жетті. Жалпы, елімізге тартылған жалпы инвестицияның 22,5 пайызы Атырау аймағының үлесіне тиіп отыр. 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба бойынша биыл бюджеттен 9,4 миллиард теңге қаражат бөлініп, қазір несие сомасы 20,9 миллиард теңге болатын 208 жоба қолдау тапты», — деді Серік Шәпкенов.

Биыл бірінші индустрияландыру картасы аясында тағы да үш жобаны іске қосу жоспарланыпты. Осылайша, облыста басаяғы 207 жұмыс орны ашылмақ. Одан бөлек, бизнеске қолайлы орта қалыптастырылып, ынталандыру шаралары да жүйелі қолға алынууда.

Облыс әкімінің айтуынша, өңірдегі өндіріс орындарын бір жерге шоғырландыру көзделген. Ол үшін Атырау қаласында шағын

өнеркәсіптік аймақ құру жоспарға енген. Мұндай тәжірибе өңірдегі өңдеу өнеркәсібін, оның ішінде мұнай-химия саласын дамытып, орта бизнестің инвестициялық жобаларын іске асыруға септігін тигізе алады. Қазір Атырау қаласы аумағынан 22 гектарды құрайтын өндірістік жер телімі бөлініп, шағын аймаққа орналастырылатын жобаларды айқындау бойынша кешенді жұмыстар қолға алынған.

Өңірдің инвестициялық әлеуеті өте зор. Сондықтан облыс әкімдігі инвесторларды тарту жұмыстарын одан әрі жалғастыруды көздеп отыр. Өйткені әрбір тартылған инвестиция мен іске асырылған жобаның артында жаңа жұмыс орындары тұр. Бұл алдағы уақытта аймақтағы жұмыссыз халықтың азаюына мүмкіндік береді.

Атырау өңірінің климаты ауыл шаруашылығын дамытуға қолайсыз. Дегенмен бұл саланы одан әрі өркендету үшін өңірде бірқатар жүйелі шара қабылданыпты. Нәтижесінде, биыл жылқыжайлар көлемі 30, ал су үнемдеу технологиялар алқабы 4,8 мың гектарға дейін ұлғайған. Мал азығын дайындау көлемін арттыру да облыстың алға қойған мақсаты. Ол үшін облыс әкімдігі былтыр мал азығына берілетін субсидия көлемін өсірген.

«Балық өңдеу және одан дайын өнім шығару — Атырау экономикасында маңызды рөл атқаратын сала. Жергілікті кәсіпорындар 200 тоннадай балық өсірді. Қазір облыста балықты өсіруге және оны өңдеуге ден қойып отырмыз. 2025 жылға дейін қолдан өсірілетін балықтың көлемі 7 мың тоннаға дейін жетеді деп жоспарлап отырмыз. Ал терен өңделетін балық көлемі 8 мың



тоннаға дейін жетеді деген болжам бар», — деді Серік Шәпкенов.

Өңірдің маңызды мәселелерінің бірі — инфрақұрылымды жаңғырту және олардың қуатын арттыру. Бүгінде Атырау облысы тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін инженерлік-инфрақұрылым жүйелі дамып келеді. Облыстағы 2 қала және 132 ауылдық елді мекен таза ауызсумен қамтылса, 2 қала және 135 ауыл газға қосылған.

Аймақтың көлік инфрақұрылымын дамытуға да барынша ден қойылған. Биыл облыстың көлік инфрақұрылымын дамытуға 55,2 миллиард теңге бөлініп, 41 елді мекенде 172 шақырым автомобиль жолын жөндеу жоспарланып отыр. Халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету де аймақтағы аса маңызды әлеуметтік міндеттің біріне жатады. Осылай деген облыс әкімі өңірдегі 29 437 тұрғын үйге мұқтаж адамның қажетін өтеу үшін көпқабатты тұрғын үй құрылысына көңіл бөлінгенін жеткізді. Бұдан бөлек, халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің

қосымша тетіктері қолданылып жатыр.

Өңір басшысы білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет саласында да серпін берер кешенді шараларды көп екенін атап өтті. Сондай-ақ өңір басшысы экология мәселесі де өзекті болып отырғанын жасырмады.

«Атырау қаласы үшін экология мәселесі өте өзекті. Негізгі ластаушы көздері — «Тухлая балка» булану алаңы, «Квадрат» булану алаңы, тұрмыстық қалдықтар полигоны, Атырау мұнай өңдеу зауыты. Сондықтан біз экологиялық ахуалды жақсартып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін жүйелі шараларды қабылдадық», — деді. Бұл орайда өңірдің экологиясына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ауа ластануының алдын алу шаралары қабылданып келеді.

Мәселен, келер жылы Атырау қаласында Ботаникалық саябақтың құрылысы басталады. Жасыл желек аймақтың ажары ғана емес, ауаның ластануын алдын алады. Әкімдіктің жоспары тиімді жүзеге асса, әлеуеті артқан мұнайлы өңір халқының тұрмысы түзелмек.



Байғали ЕСЕНӘЛИЕВ,
Қазақстан авторлар қоғамының төрағасы:

ҚАЛАМАҚЫНЫ

Соңғы кезде еліміздегі іргелі қоғамдық ұйымдардың бірі «Қазақстан авторлар қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігі төңірегінде түрлі даулы әңгіме көбейіп кетті. Алыпқашпа әңгімелердің артында кімдер тұр? Аталған мекеменің төрағасы, белгілі актер Байғали Есенәлиев бүгінгі сұхбатымыз осы сауалдар төңірегінде ербиді.

— Байғали Мақұлбекұлы, әңгімеізді қоғамдық ұйымның бүгінгі тыныс-тіршілігінен бастайықшы. Ұйымға қанша автор тіркелген?

— Қазақстан авторлар қоғамы 1996 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Оған дейін бұл агенттік ретінде тіркелген. Алғашқы кезде авторлардың қаламақысын өндірумен айналысатын жалғыз ұйым ретінде жұмыс істеген. Осы мекемеге қызметке келген 2012 жылы 1 800 мүшесі бар еді. Бүгінде олардың саны алты мыңға жуықтап қалды.

— Соңғы кездері осы бағыттағы түрлі ұйым көбейіп кеткен сияқты ғой. Рас па?

— Иә, ол рас. Соңғы кездері жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай бірінен соң бірі ұқсас ұйымдар көбейіп кетті. Менің білуімше, қазір дәл осы бағытта жұмыс істейтін 12 авторлық қоғам бар. Оған қоса, тағы бірнеше сабақтас ЖШС бар. Бұлардың барлығы түрлі жолмен авторлардың қаламақысы үстінен пайда көруді ғана ойлайтын ұйымдар деп айтар едім. Олай дейтінім — олардың кейбірі заңды белшенімен басып, жұмыс істеп жатыр. Бір сөзбен айтқанда, авторлардың қаламақысының үстінен «үлес» алып өмір сүргісі келетіндер көбейіп кетті.

— Ол ұйымдарды бақылап отыратын қандай да бір құзырлы орган бар ма?

— Өкінішке қарай, біздің ұйымға тексеріс көп. Ал өзгелердің жұмысын қадағалап отырған ешкім жоқ. Тек Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік комитеті тіркейді. Ары қарайғы жұмысын бақылап, тексеріп отырған ешкім жоқ. Біз оларға бұл туралы неше рет айттық. Ең өкініштісі, олар тарапынан: «Біздің ЖШС-ларды тексеруге құқығымыз жоқ. Ал сіздер аккредиттеуден өткен ұйымсыздар, сондықтан сіздерді тексеріп отырамыз» деген түсініксіз жауап алдық.

— Сонда сіздердің ұйым өз қызметі үшін үлес алмай ма? Жалпы автордың қаламақысы қандай жүйемен төленеді?

— Біз заңға сәйкес көрсеткен қызметімізге қаламақының 30 пайызын алып қаламыз. Өзге ұйымдар біздің ұйымның біраз мүшесінің авторлық құқығын алып алған. Сол себепті автордың қаламақысын біз соларға аударып береміз. Олар өздеріне тиесілі 30 пайызын алып қалып, қалғанын авторға жібереді. Сонда шығармашылық адамының қолына қаржының 40 пайызы ғана тиеді. Бұл ұйымдар кейбір авторлардың құқықтық сауатының жоғын жақсы пайдаланып отыр. Былай қарағанда, олар-

— Былтырдан бері Ренат Абдухаликов деген бұрын «Абырой» деген авторлық ұйымында бас директор болып қызмет істеген бір азамат біздің бүкіл авторға жеке-жеке телефон соғып, бізді қаралай бастады. «Авторлар қоғамының басшылығын кетіруіміз керек. Олар авторлардың қаламақысынан жиналған 800 миллион теңге ақшаны депозитке салып қойып отыр», — деді. Оның айтуынша, біз сол депозиттің пайдасын көріп шылқып отыр екенбіз. Осыған орай бізге жалған жала жапқаны үшін жауапқа тартылуын сұрап, құқық қорғау орындарына шағым түсіріп қойдық. Қазір іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде.

Сонда да қарсы әрекетін тоқтатпай, аяғы өзің айтқан кезектен тыс жалпы жиналыс өткізуге дейін барды. Сөйтіп, бар-жоғы 40-50 авторды жинап, жиын өткізген. Ол жерде Жеңіс Сейдollaұлың төраға, өзін бас директор етіп тағайындайды. Бірақ бұл барынша заңсыз. Себебі, біріншіден біздің жарғыда қоғамдық ұйымның мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді авторлық кеңестің отырысы шығаруы керек. Олардың қолында мұндай шешім жоқ. Екіншіден, сол жарғы бойынша жалпы жиналысқа мүше авторлардың 50 пайызы қатысқан жағдайда ғана заңды өтті деп есептеледі. Ал біздің ұйымның 5 800-ден аса мүшесі бар. Ол күнгі жиналысқа соның 40-50-дей мүшесі ғана қатысқанын білеміз, яғни жалпы мүшелердің 1 пайызы да

кәсіпке айналдырғандар КӨБЕЙДІ

дың әрекеті заң тұрғысынан дұрыс сияқты көрінеді. Алайда олар ауадан ақша тауып отырған қоғамдар деп санаймын. Осыны біле тұра, біздің Әділет министрлігінің осындай ұйымдарды бақыламастан тіркей беруінің артында қандай да бір сыбайластық жатқандай көрінеді.

— Сонда өзге авторлық ұйымдар аккредиттеуден өтпесе де, қаламақы жинаумен айналыса беруге құқылы ма?

— Қолданыстағы «Авторлық және сабақтастық құқықтар туралы» заңға 2009 жылы 146-1 деген қосымша енгізілді. Осы қосымшада «автор ол ұйымға мүше болса да, болмаса да кез келген тіркелген авторлық қоғам ол үшін қаламақы жинай береді» деп көрсетілген. Авторлардың ақшасын айналыстықтарға ұйымдардың аяқасты көбейіп кетуінің бірден-бір себебі де осы өзгеріспен тікелей байланысты.

— 2021 жылдың аяғында кенселеріңізге «мұздай» қаруланған арнайы жасақты жігіттері тексеру жасап, тінту жұмыстары жүргізілгені айтылып еді.

— Қантар оқиғасынан 5-6 күн бұрын, нақтырақ айтсақ, 29 желтоқсан күні кеңсегізге құқық қорғау орындарының алты адамы қару-жарақпен кіріп келді. Сол кездегі төраға Балнұр Кыдырбек екеуімізді бөлек басқа кабинетке, қалған қызметкерлерді басқа бөлмеге қамап қойып, барлық компьютеріміздің процессорларын алып кетті. Ішінде бүкіл бухгалтерлік құжаттарымыз кетті. Ол аздай, артында барлық есепшотымызға бұғат қойып тастады.

— Содан кейін не істедіңіздер?

— Бірден заңгер азаматтармен ақылдастық. Олар прокурордың санкциясы жоқ болғандықтан, ондай тінту, тексеру жұмыстары заңсыз екенін айтты. Осы ақылмен қалалық прокуратураға арыз түсірдік. Артында прокурорлық тексеріс нәтижесінде шынында да заңсыз екені анықталды. Сөйтіп, араға бір ай салып барып құжаттарымызды ерң қайтарып алдық. Осы кезде бізбен бірге жұмыс істеп келген тағы біраз қаламақы төлеп отырған ұйымдардан айырылып қалдық. Олардың ішінде бірнеше телеарна, мейрамханалар бар. Тек «Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Хабар» агенттігі ғана бізбен ары қарай жұмыс істеуді әлі күнге дейін жалғастырып келеді. Ол арналардың басшыларына түсіністік танытқандары үшін алғыс айтық келеді.

— Сәуір айының аяғында Жеңіс Сейдollaұлы мен Аман Құлбаев сияқты белгілі композиторлар, басқа да белгілі ақындар бар, бір топ адам Қазақстан авторлар қоғамының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізді. Бұл не жиналыс еді?

емес. Одан да бөлек осы жиналысты өткізу кезінде қылмыстық жауапкершілікке тартылатын да занбұзушылыққа жол берілген. Атап айтқанда, біздің мөріміздің көшірмесін жасатқан. Сонымен қатар авторлар қоғамының фирмалық бланкісін жасатқан. Біз осы бойынша да құқық қорғау орындарына шағым түсірдік.

— Кей авторлар өздеріне қаламақы төленетіні де білмеуі мүмкін. Бірақ оның орындалған шығармасы үшін сіздерге немесе өзге авторлық ұйымға қаржы аударылады. Осындай жағдайда мүлдем алынбай қалған қаламақылар қайда кетеді?

— Кейбір авторлық ұйымдар осындай сәтті майшөлпекке айналдырып алғанын байқап жүрмін. Мәселен, бір ауылда тұратын сазгердің өні орындалды дейік. Оған өзің айтқандай, тиесілі қаламақы аударылды. Бірақ ол өзіне тиесілі қаламақы бар екенін мүлдем білмейді. Тіпті, ондай қоғамдық ұйым бар екенін де білмеуі мүмкін. Осы жағдайда үш жыл күтеді. Одан кейін басшылық құрам шешім шығарып, «несі табылмаған қаламақы» деп авторлар қоғамының қазанына құйылып кетеді.

— Жиналған қаламақысы авторлардың ұрпақтарына табыс етілген жағдайлар болды ма?

— Мұндай жағдайлар өте жиі кездеседі. Бірде біздің қоғамның есепшотында Жамбыл Жабаев атамызға тиесілі біраз қаламақы тұрғанын байқап қалдық. Бір қызығы, Жамбыл атамыздың өзі де, артындағы ұрпақтары да ол кісінің авторлығын тіркемеген екен. Содан жыр алыбының аруағынан ұят қой деп ол кісінің үрім-бұтағына хабарластық. Сөйтіп, Салтанат деген шөбересін тауып, сол кісіні мұрагер етіп тіркеп, атамызға тиесілі 600 мың теңгені салтанатты түрде табыстағанымыз бар. Ең қызығы, сол жылы Жамбыл атамыздың 70 жылдық мұрагерлік мерзімінің бітуіне бір-ақ жыл қалған екен. Одан кейін бірде бір інім хабарласып, елге Мұхтар Мағауин ағамыз елге келген екен, сол кісіге кіріп амандасып шығайықшы деді. Алдында бір құжаттардың арасынан Мұхтар ағаға да тиесілі 260 мың теңге қаржы бар екенін байқап қалғанмын. Дерек сол есіме түсіп кетті. Бухгалтерияға айтып, ақшаны шешіп алдым да, Мұхтар ағаның қолына апарып табыстадым. Ағаның өзі ақшаны көріп таңғалды. Тіпті, ол кісі өзіне сондай жерге қаржы түсіп тұратынын да білмейді екен.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

ДАРАБААЗ ДӘУЛЕТ



Қазақстандық боксшы Дәулет Дәуленов (12-2, 5 КО) Чехия астанасы Прагада өткен бокс кешінде сәтті өнер көрсетті.

30 жастағы қазақ боксшысы 21 жастағы колумбиялық Эбер Тобарды (8-4-3, 3 КО) техникалық нокаутпен жеңді. Бұл жекпе-жекте Дәулет жартылай орта салмақта Чехия чемпионы атағын жеңіп алды. Ал өткен аяқасында Дәуленов WBC ұйымының ТМД, славян және балтық елдерінің Бокс бюросы бойынша титулын жеңіп алған еді.

ЖҰҚАЕВ ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЛДЫ



Қазақстандық теннисші, әлемнің 256-ракеткасы Бейбіт Жұқаев Пальмас дель Мардағы (Пуэрто-Рико) «Челленджер» турнирінің финалына шыға алмады.

Бейбіт Жұқаев жартылай финалда америкалық Майкл Чженмен (әлемнің 1118-ракеткасы) кездесіп,


6:3, 3:6, 6:7 есебімен ұтылды. Осылайша, қазақстандық теннисші турнирді аяқтады. Бейбіт Жұқаев осы турнирдегі алдыңғы матчтарында жапониялық Юта Симизуді (242-орын) 6:3, 6:4, америкалық Эван Чжуды (340-орын) 4:6, 7:5, 6:2 және канадалық Лиам Драксды (617-орын) - 6:4, 6:3 есебімен ұтқан еді. Жалпы, турнирдің жұлде қоры — 80 мың доллар.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Гимнаст Нариман Құрбанов Сингапурда өтіп жатқан спорттық гимнастикадан 10-Азия чемпионатының жеңімпазы атанды.

Қазақстандық спортшы ат снарядындағы жаттығуда үздік деп танылды. Ал тағы бір оңандасымыз

Дмитрий Патанин еркін жаттығуда іріктеуден сүрінбей өтіп, финалда үздік екінші нәтижені көрсетті. Қазір еліміздің қоржынында 3 медаль бар. Осыдан бірнеше күн бұрын ұлттық құрама командалар арасындағы сайыста қола жұлдеге қол жеткізген. Жұлдегер атанған қазақстандық гимнасттар күзде Бельгияда өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ —
Шығарушы редактор

Асқар БЕК —
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемедер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Таспырыс №4315
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114